



www.facebook.com/syrboiy.kz/



www.instagram.com/syrboiy_kz



https://twitter.com/syrboiy



t.me/syrboiy_kz

ПРЕЗИДЕНТ АҚШ-ТЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕЛШІСІН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев АҚШ-тың Қазақстандағы елшісі Дэниел Розенблюмді қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстан мен Америка Құрама Штаттары арасындағы екіжақты қатынастарды дамытуға, сондай-ақ жаһандық және өңірлік қауіпсіздікке қатысты өзекті мәселелер қарастырылды.


Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, екі ел қауіпсіздік, орнықты даму, климат проблемасы, гуманитарлық байланыс және басқа да көптеген сала бойынша ынтымақтастық орнатқан.

Мемлекет басшысы экономикалық ынтымақтастықты екіжақты қатынастардың негізгі тірегі ретінде атап өтіп, сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықты кеңейту, соның ішінде Инвестиция тарту жөніндегі кеңес қызметі аясында нығайту қажет екенін айтты.

Сонымен қатар кездесуде сауда, көлік, логистика, «жасыл» энергетика, экология, тау-кен өндіру өнеркәсібі салаларындағы байланыстарды арттыру мүмкіндіктері талқыланды.

САРАП

АЭС САЛУ: СЕКЕМ мен САЯСИ АСТАР



Еліміз алдағы 10 жылдың ішінде атом электр стансасын салуды көздеп отыр. Себебі жыл өткен сайын Қазақстанда энергия тапшылығы қатты сезілуде. Өдеттегідей көмір жағып, энергия өндірудің шығыны мен зардабы еселеп артты. Ал 1,4 млн тонна уран қорына ие мемлекетіміз осы мәселені шешу үшін АЭС салуы тиіс. Дегенмен бұл істе түйіні тарқамаған жайттар бар. Әлі басталмаған құрылысқа шетелдіктердің таласы қызды. Кейбірі осы арқылы өз елінің саяси позициясын бұлдап әлек.

Сб Мадияр ТӨЛЕУ,
«Сыр бойы»

АСТАРЛЫ САПАР, АПТЫҚҚАН КӨРШІ

Ең алдымен біз қазір АЭС салу қаншалықты маңызды болып тұрғанын соңғы оқиғалар арқылы аңғартқымыз келеді. Таяуда елеулі екі оқиға болды. Біріншісі, қарашаның басында Франция Президенті Эмманюэль Макрон Қазақстанға жұмыс сапарымен келгенін білеміз. Сарапшылардың көбі бұл сапардың аясында АЭС салу жайы талқылатынын

айтқан, себебі елімізде станса салуға басты үміткерлердің бірі – Франция. Мәселен, сапар кезінде «Bloomberg» басылымы талқы жасап, «Эмманюэль Макрон энергетикаға бай Орталық Азияға сапар шегіп, осы елдің ядролық реакторларында қолданылатын уранды жеткізуші екі ел – Қазақстан мен Өзбекстанға барады. Бұл сапар Францияның энергетикалық қауіпсіздігін нығайтуға бағытталғанын топшылауға болады» деп жазды.

Екіншісі, осы сапардан кейін көп ұзамай ресейлік «Росатом» Қазақстанға

қуаттылығы 2400 МВт болатын екі АЭС блогын салуға ұсыныс айтып шыға келді. «Бұл 3+ буынына жататын заманауи блоктар болмақ» деген олар. Екі жайтты неге айтып отырмыз? АЭС салу ісінде ең басты талаптың бірі – қауіпсіздік. Сондықтан бұл мәселеде көбіне саяси позициялар да араға кіріп жатады. Ал жоғарыда ұсыныс айтқан «Росатом» көбіне кәсіп арқылы ресейлік позицияны нығайтуға атсалысып жүргенін жақсы білеміз. Сондықтан Франция Президентінің сапарынан кейін көршінің аптығуын бекерге санай алмаймыз.

3-бет

«ЖАЙЛЫ МЕКТЕПТЕР» БАРЛЫҚ ТАЛАПҚА САЙ БОЛУЫ КЕРЕК

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, аймақтың мердігер компанияларының жетекшілері Астанада Samruk-Kazyna Construction басшысы Мәулен Айманбетовтың төрағалығымен өткен «Жайлы мектеп» ұлттық жобасының іске асырылуы талқыланған жиынға қатысты.

Жас ұрпаққа сапалы білім мен тәрбие беру үшін барлық жағдай жасалған білім ошақтарын салу – ұлттық жобаның басты мақсаты. Аталған білім беру нысандарын жобалаумен, салумен және жарактандырумен айналысқан консорциумдар оларды дайын күйінде тапсыруы керек.

Жиынға қатысушылар мектептердің сметалық құнына қатысты сауалдарына жауап алды. Мемлекет басшысының тікелей тапсырмасы бойынша жүзеге асырылатын әлеуметтік маңызды жоба барлық нормативтерге сәйкес болуы тиіс. Президент тапсырмасына сәйкес, «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында Қызылорда облысында 21 мектеп салынады. Жоба құны – 98 млрд теңге. Қазір 10 мектептің құрылысы жүргізілуде, қалған 11-і келесі жылы басталады. 2025 жылы толық тапсырылады, – деді Н.Нәлібаев.

Жиын қорытындысы бойынша Қызылорда облысында облыс әкімінің орынбасары басқаратын жұмыс комиссиясын құру туралы шешім қабылданды. Оған барлық мүдделі тараптардың өкілдері, атап айтқанда, басқарма төрағасының орынбасары және Samruk-Kazyna Construction өңірлік өкілі, жобалардың басшылары, ұлттық жобаны іске асыру департаментінің директоры, құрылыс басқармасының басшысы кіреді. Комиссия әрбір жоба бойынша барлық мәселені жеке-жеке жетілдіру үшін күн сайын кеңес өткізуге ниетті.

Естеріңізге сала кетейік, 2023-2025 жылдарға арналған «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында бүкіл ел бойынша 369 мектеп салу жоспарланған, бұл 740 мыңға жуық оқушыға арналған. Ұлттық жоба аяпаты мектептерді, үш ауысымды оқушы және мектеп жетіспеушілігін жоюға бағытталған.

Сонымен қатар, аймақ басшысы Ауыл шаруашылығы министрі А.Сапаровпен кездесіп, алдағы егін егу науқаны, су тапшылығы, вегетация кезеңіне дайындық мәселелерін талқылады.

САПАР

МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ АЯСЫ КЕҢЕЙДІ

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Олжас Ордабаев облысқа сапары барысында әлеуметтік нысандарды, кәсіпорындарды аралап, мемлекеттен берілген гранттар және микрокредитпен өз ісін бастаған кәсіпкерлермен кездесті. Басқосуда халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қолдау шаралары туралы айты.

Сб Айсауле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

Вице-министр сапарының екінші күнінде өңірлік коммуникациялар орталығында брифинг берді. Журналистерге жыл бойы атқарылған жұмыстар мен саладағы жаңалықтар туралы айтты. Биылғы жылдың ерекшелігі – Әлеуметтік

кодекстің іске асуы. Оны әзірлеу барысында халықаралық тәжірибе мұқият зерделеніп, өз ерекшелігіміз ескеріліп, Еуропа Одағындағы жаңашылдықтар басшылыққа алынған. Кодекс 5 бөлім, 19 тарау

және 267 баптан тұрады. Ол өз кезегінде 9 заңның күшін жоюға және қолданыстағы 50-ден астам заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге әкелді. Құжаттың негізгі бес новелласына қысқаша түсініктеме берген вице-министр отбасының цифрлық картасы аясында әлеуметтік төлемдер және көмектер деректерге негізделіп тағайындалатынын айтты.

– Цифрлық картадан көпбалалы отбасылардың түрлі әлеуметтік сын-қатерге тап болу ықтималдығы жоғары екенін көрдік. Осыған байланысты, балалы отбасыларды әлеуметтік

қолдаудың қолданыстағы біртұтас жүйесін толық сақтау және оның негізгі параметрлерін өзгерту қарастырылды.

Кодекске енгізілген жаңа параметрлер мемлекеттік қолдаудың аясын кеңейтуді көздейді. Соның негізінде бала күтіміне байланысты төлемдер мерзімі ұзартылды. Көпбалалы аналарға берілетін жәрдемақы мөлшері көбейтілді, оларға Алтын және Күміс алқамен наградталған аналар деген жаңа статус қарастырылды.

Сонымен бірге, 18 жасқа дейінгі балаларға берілетін Ұлттық қордың инвестициялық кірісінен түскен табыстың 50 пайызы көлеміндегі

бастапқы капитал балалы отбасылар үшін қосымша көмек көзі болмақ. Осы бағыттағы екінші маңызды өзгеріс 2025 жылдан бастап атаулы әлеуметтік көмек тағайындау үшін кедейлік шегі бүгінгі күн көрсеткішіне емес, медиандық табыс есебінен анықталатын болады. Бұл ретте, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы елдерінің тәжірибесі зерделенді. Бүгінде АҚШ-тағы кедейлік шегі медианалық кірістің 40 пайызына, Канадада 50, Швеция, Норвегия, Дания, Австрия, Германия және Францияда 60 пайызына пара-пар, – деді вице-министр.

КӘСІБИ МЕРЕКЕ

ЭНЕРГЕТИКТЕР ЕҢБЕГІ ЕЛЕНДІ

Энергетиктер күніне орай өткен салтанатты шарада облыс әкімінің бірінші орынбасары Серік Қожаниязов сала мамандарын құттықтап, олардың ел дамуына өлшеусіз үлес қосып жүргенін атап өтті.

Сб Ақтілек БІТІМБАЙ,
«Сыр бойы»



КОНФЕРЕНЦИЯ

ДӘРІГЕР ЕСІМІ ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

Сыр медицинасы туралы айтқанда София Мақашеваның есімі қатар аталады. Өйткені ол Сыр медицинасының анасы атанып, артында өшпес із қалдырып, адамгершілік қағидаларын әрдайым берік ұстанып өтті. Биыл – КСРО Денсаулық сақтау ісінің үздігі, Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген дәрігер, Қызылорда қаласының Құрметті азаматы София Өтегенқызының 100 жылдық мерейтойы. Өңірде ерен еңбегімен есте қалған аға буын өкілдерінің есімін жаңғырту жолға қойылған. Осы орайда облыстық перинаталдық орталықта қайталанбас тұлғаның өнегелі өмірін ұлықтауға арналған «Сыр медицинасының анасы» атты ғылыми-танымдық конференция өтті.

Сб Айнуір БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

Тағылымды шараға ҚР Парламенті Сенатының депутаты Ақмарал Әлназарова, облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбет және медициналық

ұйымдардың басшылары мен сала ардагерлері қатысты.

Шараны облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбет ашып, конференция жү-

мысына сәттілік тіледі. Онан соң Ақмарал Шәріпбайқызы сөз алып, білікті басшы, майталман маман София Өтегенқызының саланы дамытудағы өлшеусіз еңбегіне тоқталды. Атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде айтты, ұлағатты ұстаз, қайраткер тұлғаның 100 жылдығымен барша әріптестерін, ұрпақтарын құттықтап, ҚР Премьер-министрінің орынбасары Тамара Дүйсенованың құттықтау хатын табыстады. Сонымен қатар Акушерлік гинекология және перинатология ғылыми орталығы АҚ басқарма төрағасы Гүлфайруз Оразбаева Алматы қаласынан арнайы бейнеқұттықтау жолдады.

2-бет

ЖОЛДА ҚАЛМА, ЖОЛАУШЫ!

Желтоқсан айы басталғалы еліміздің бірқатар өңірінде боран болып, жолдар жабылғаны белгілі. Тіпті теміржол да жолаушыларды біраз өүреге салды. Қазір жағдай реттелді, дегенмен арагідік күн құбылып, ескертулер жариялануда. Осы тұста біз облыс жолдарындағы жағдайды бағамдап шықтық.

Сб Мадияр ТӨЛЕУ,
«Сыр бойы»

Өткен апталарда қарлы боран кесірінен жарты жолда қалған жолаушылар аз болмады. Әйтсе де бұндай жағдай Қызылорда облысының аумағында тіркелмеген екен. Бұл жайында облыстық төтенше жағдайлар департаментінің баспасөз хатшысы Айгүл Нұрманова айтты.

– Өзірге ауа райына байланысты облыс аумағындағы жолдарда келенсіз жағдай тіркелген жоқ, яғни, жолаушылар зиян шекпеді.

Тек жақында көліктегі I жолаушыға көмек берілді, – деді ол.

Әйтсе де сапарға шығар алдында ауа райы болжамдарына көз жүгірткен абзал. Мәселен, бірнеше күннен бері облыс тұрғындарына «Самара-Шымкент» тасжолының 1240-1563 шақырым аралығы көктайғаққа байланысты жабылып жатқаны ескертілуде. Бұл шамамен Арал мен Жосалы кентінің аралығы. Сондықтан мамандар әрбір хабарламаға мән беріп отырған жөн екенін айтады.





ТАСБӨГЕТТЕГІ ЖАҢА КЕШЕН



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда қаласына қарасты Тасбөгет кентіндегі денешынықтыру-сауықтыру кешенінің салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

Аймақ басшысы тұрғындарды жаңа ашылумен құттықтады.
– Мемлекет басшысы «Ұлт денсаулы-

ғын бекемдеу мәселесі өте өзекті. Барлық жас санаты арасында бұқаралық спорт түрлерін насихаттай беру керек. Балалар

үшін спорттық инфрақұрылымның барынша қолжетімді болуын қамтамасыз ету керек» деген еді.

Бүгінде елімізде салауатты өмір салтын қалыптастыруға айрықша назар аударылып, бұқаралық спортты дамыту стратегиялық басым бағыттың біріне айналды. Облыста бұқаралық спортпен шұғылданып тұрғындар үлесі 38 пайызға, яғни, 328 597 адамға жетті. Халықты бұқаралық спортпен шұғылдануға ынталандыру үшін талапқа сай келетін спорт нысандарының

қолжетімді болуы маңызды. Облыс орталығында 7 мың орынға арналған Орталық стадион және жабық бассейні бар көпсалалы денешынықтыру-сауықтыру кешені салынады. Үстел теннисі орталығының құрылысын да бастамақпыз. Аудандарда 2,6 млрд теңгеге 11 денешынықтыру кешені салынады, бүгінде 6-ы тапсырылды, қалғаны жақын күндері пайдалануға беріледі. Соның бірі – бүгінгі денешынықтыру-сауықтыру кешені. Осы кешен болашақ чемпиондардың үлкен

спортқа жасаған қадамына алғашқы баспадақ болсын! – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Рәсімде қазақ күресінен Әлем чемпионы, «Сыр барысы» Нұрмы Сәлімгереев жерлерінен құттықтап, Тасбөгет кентінің ардақты ақсақалы, Жалағаш ауданының Күрметті азаматы Төлеш Әліев бата берді. Сондай-ақ, құрылысты салуға атсалысқан мердігер мекеменің қызметкерлері және кенттің дамуына үлес қосқан азаматтар марапатталды.

Айта кетейік, жаңа нысан құрылысына облыстық бюджеттен 514,5 млн теңге бөлінді, 100 орынға лайықталған кешенді «Интегрострой» ЖШС салды.

Биыл облыс спортшылары әлемдік арена-ларда жоғары табыстарға қол жеткізіп, Тәуелсіз еліміздің мәртебесін асқақтатты. Жыл басынан бері ел чемпионаттары мен кубоктарында мыңнан аса медаль (1158, 376 алтын, 358 күміс, 424 қола), Әлем және Азия чемпионаттарында 245 медаль (94 алтын, 71 күміс, 80 қола) алды. Қытайдың Хуанчжоу қаласында өткен XIX Жазғы Азия ойындарында 6 спортшы, IV Жазғы Пара Азия ойындарында 3 спортшы сәтті өнер көрсетіп, жүлдемен орады. Бұдан бөлек қаратәден өткен Әлем чемпионатында Мәлдір Жанбырбай Әлем чемпионы, самбодан жасөспірімдер арасында Нұржан Тұмырзаев жеңімпаз атанды.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі



ЭНЕРГЕТИКТЕР ЕҢБЕГІ ЕЛЕНДІ



– Энергетика қашан да әлеуметтік сала мен индустрияның алға жылжытушы күші әрі экономиканың негізгі дінгегі саналады. Ал сіздер өңірдің өсіп-өркендеуіне жанаша серпін беретін өндіріс саласын дамытуға орасан зор үлес қосып келесіздер. Тәуелсіздік алғалы облыс көлемінде жаңа электр желілері жүргізіліп, қосалқы стансалар орнатылды. Бұл өз кезегінде, халықты сапалы электр энергиясымен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Тағы бір айта кететін жайт, осыдан 7 жыл бұрын Қызылорда қаласы ғана газға қосылса, бүгінде барлық аудан орталықтары мен көптеген елді мекен «көгілдір отынның» игілігін көріп отыр. Жыл басынан бері елді мекендер табиғи газбен қамтамасыз етілді, газдандырылған ауыл саны артты. Биыл газбен жабдықтау жобаларын жүзеге асыруға қаржы бөлінді. Сол жобалар алдағы жылы да жалғасын табады. Өйткені газдандыру – ауыл халқының тұрмысын арттырудағы маңызды фактор, – деді облыс әкімінің бірінші орынбасары.

1-бет

Мұнан соң, қызметте абырой биігінен көрінген сала үздіктері марапатталды. Нақтырақ айтсақ, Қазақстан электр энергетикалық қауымдастығы директорлар кеңесінің мүшесі Жомарт Қошербаев ҚР Энергетика министрлігінің «Еңбек ардагері» медалін, «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ диспетчерлік-технологиялық басқару және телекоммуникациялар құралдары қызметінің бастығы Бозқұл Құрманов «Электр энергетикасы саласына қосқан үлесі үшін» медалін, облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының бас маманы Мәдина Әліева «Күрметті энергетик» төсбелгісін, «Энергосервис» ЕЖШС-ның желдік жөндеу бригадасы бөлімінің басшысы Ғанибек Патшабекұлы Қазақстан электр энергетикалық қауымдастығының «Еңбегі сіңген энергетик» төсбелгісін иеленді. Бұдан бөлек, бірқатар сала мамандары облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Өнеркәсіп пен тұрғын үй саласының қарқынды дамуының нәтижесінде энергия тұтыну көлемі жыл сайын артып келеді. «Қызылорда-дамылэлектрорталығы» – өңірдегі электр және жылу энергиясын өндіретін жалғыз кәсіпорын. Өткен ақпрудың 60-жылдары пайдалануға берілген. Осы жайттарды ескере отырып, ауқымды жоба қолға алынды.

Бұл саладағы биылғы жылдың басты жетістігі – Сыр еліне заманауи үлгідегі жаңа жылу-электр станциясы салынбақ. Өңірлерді үздіксіз электр энергиясымен қамтамасыз ету туралы Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, қуаты 240 МВт құрайтын орталық құрылысын түріктің «Акса Енегі» компаниясы жүргізеді.

ДӘРІГЕР ЕСІМІ ҰМЫТЫЛМАЙДЫ



Конференцияда «Ұстаз ұлағаты. София Макашеваның өмірдері. Білікті ұйымдастырушы. Дәрігер-маман» тақырыбында Қызылорда облысының Күрметті азаматы, «Күрмет» орденінің иегері Тұрғанбай Махановтың, «Дәрігер және қоғам. Уақыт» тақырыбында облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Олжас Ысқақовтың, «Медицинадағы соңғы жаңалықтар. Инновациялар» тақырыбында облыстық көпбейінді аурухананың бас дәрігері Жасұлан Баймахановтың және «Ана мен бала денсаулығын қорғаудағы өзекті мәселелер» тақырыбында облыстық перинаталдық орталығының бас дәрігері Олег Кимнің баяндамасы тыңдалды.

София Макашева 1948 жылы Тәжікстанның Душанбе қаласындағы медицина институтын бітіріп келген соң бірден облыс аудандарындағы емдеу мекемелеріне басшылық қызметке жіберілген. Нақтырақ айтсақ, 1948-1951 жылдары Шиели, Сырдария аудандық денсаулық сақтау бөлімдерін басқарды.

1-бет

1952 жылы Қызылорда фельдшерлік-акушерлік мектебінің директоры болып, болашақ медицина қызметкерлерін даярлады. 1952 жылдан бастап облыстың денсаулық сақтау саласын үздіксіз 30 жыл басқарды. Бұл жылдары София Өтегенқызы саланы өрге сүйреп, облыс медицинасының дамуына, қалыптасуына айрықша үлес қосты. Мәселен, облыс ауруханаларындағы төсек-орын санын 970-тен 6540-қа, дәрігерлер санын 92-ден 1427-ге жеткізумен қатар, орта буын медицина қызметкерлерінің санын да едәуір арттырды. Сонымен қатар София Өтегенқызы еңбек еткен тұста медициналық бекет 76-дан 290-ға, санитарлық автокөлік саны 19-дан 300-ге жеткен. Осы уақыт аралығында салаға жана технологияны бағыт енгізе жүріп, жас кадрларды тәрбиеледі, ақшыл ұстаз атанды. 2006 жылы 83 жасында өмірден озды.

Білікті дәрігерді ұлықтауға арналған шара соңында марқұмның рухына арнап ас берілді және медицина қызметкерлері арасында бильдартан дәстүрлі турнир ұйымдастырылды.

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ҚОЛЖЕТІМДІ БОЛУЫ КЕРЕК

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен облыс әкімдігі жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл комиссиясының кезекті отырысы өтті. Онда денсаулық сақтау саласында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау және алдын алу мәселелері қаралды.



Аймақ басшысы халыққа қызмет көрсететін мемлекеттік орган қызметкерлері міндетін адал атқаруы керектігін атап өтті.

– Президентіміз мемлекеттік қызметте ашықтық әрі қолжетімділік қағидалары бірінші кезекте екенін баса айтуға. Әлеуметтік салада сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін алдын алып, өрескел заң бұзушылықтарға жол бермеуіміз керек. Шын мәнінде, денсаулық сақтау – ең ауқымды сала. Осы кезге дейінгі нәтижелі жұмыстардың арқасында салада оң динамика бар. Өткен жылмен салыстырғанда өлім-жітім көрсеткіші 4,8 пайыз, ана өлімі жағдайы 79, себи өлімі 1,2, туберкулезден аурушандық 8,5 және одан өлім-жітім көрсеткіші 14,2 пайыз төмендеген. Дегенмен, жүрек қан-тамыр ауруларынан болатын өлім-жітім көрсеткіші өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 6,3 пайыз, қатерлі ісіктерден болатын аурушандық көрсеткіші 8,7, қатерлі ісіктерден болатын өлім-жітім 16,4 пайыз өскен. Жасыратыны жоқ, қоғамда медициналық қызмет алуға қатысты сын-ескертпелер аз емес, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі облыс бойынша департаменті басшысының бірінші орынбасары Асылхан Ашиков облыстық медициналық мекемелерге жүргізілген сыртқы талдау нәтижелерін таныстырып, тәуекелдерге тоқталды. Мұнан бөлек, облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Олжас Ысқаков сыбайлас жемқорлықты жою жөнінде алдын алу бойынша атқарған жұмыстарын баяндады.

Жылы барысында анықталған кемшіліктер талқыланып, оларды жою қадамдары белгіленді.

Комиссия отырысын қорытындылай келе, аймақ басшысы әрбір тұрғын сапалы медициналық көмек алып, мемлекет ұсынған игілікті пайдалануы керек екенін атап өтті. Осыған орай, басқарма жетекшілік ететін мекемелерінде жұмысшы фактілерін анықтап, тәуекелдерді болдырмау үшін қажетті шараларды қолға алуы тиіс. Жылында бюджет қаражатын жоспарлау мен игеру, мемлекеттік сатып алуға, медициналық қызмет көрсетуіне жасалған сыртқы талдаудан соң анықталған фактілерге орай нақты шешімдер қабылдау тапсырылды.

«СБ» ақпарат

БРИФИНГ

ДОСТЫҚТЫ ДӘРІПТЕГЕН ІС-ШАРА

Елімізде «Бірге» ақпараттық науқаны өтуде. Халықтар достығы, этнос өкілдерінің бірлігі насихатталатын іс-шарада «Біз өртүрлі болғанымызбен, Отанымыз ортақ!» идеясы негізге алынған.

Маңызды шараға ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі бастамасымен Конрад Аденауэр атындағы қордың Қазақстандағы өкілдігі қаржылай қолдау көрсетіп отыр. Оны «MediaNet» халықаралық журналистика орталығының сарапшылары ұйымдастыруда. Іс-шараның мақсаты – қоғамдағы этносаралық толеранттылықты арттыру және медиа кеңістіктегі азаматтардың қарым-қатынас мәдениетін жақсарту.

Ақпараттық науқанының тұсау-кесері осы жылдың 6 қарашасында Астана қаласында өткізілді. Жоба

аясында еліміздің барлық өңірінде көрнекі материалдар әзірленіп, қоғамдық орындарда таратылады. Осы мақсатта плакат, бейнеролик және жарнамалық баннерлер дайындалған. Барлық материалда #Бірге хэштегі мен «Біз өртүрлі болғанымызбен, Отанымыз ортақ!» ұраны бейнеленген.

– Бұл бағытта біздің облыста ақпараттандыру жұмыстары кең көлемде жүргізілуде. Анимациялық «Дастархан», «Жастар», «Балалар» бейнероликтері алгоритмге сәйкес облыстық және қалалық телеарналар

арқылы көрерменге жол тартты. Енді «Ата-ана» бейнеролигі эфирден көрсетіледі. Бұл бейнероликтерді Арал, Қазалы, Сырдария, Шиели, Жаңақорған аудандарында және қала орталығында орналасқан LED-экрандар арқылы тұрғындар көре алады. Сондай-ақ, ол қала орталығында және барлық аудандағы халыққа қызмет көрсету, жұмыспен қамту орталықтарында, оқу орындарында, ауылдық округтерде халық назарына ұсынылып отыр. Аталған өнімдерді тарату алдағы жылы да жалғасын табады. Ал плакаттар қала орталығында жүретін қоғамдық көліктерге ілінді. Аталған плакаттармен тұрғындар халық көп шоғырланатын орындарда, орталық көшелерде,

ақпараттық стендтер арқылы танысуына мүмкіндігі бар. Жарнама баннерлерінің эскиздері барлық қала, аудан әкімдіктеріне жолданды. Барлық аудан әкімдіктері алдағы жылы қаржы мүмкіндігіне қарай баннерді кеңінен таратады, – дейді облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Алмасбек Есмаханов.

Бұдан бөлек, қала, аудан әкімдіктерінің, қоғамдық даму бөлімдерінің «Facebook», «Instagram» әлеуметтік желілеріндегі ресми парақшаларында және белсенді публичтерде жалпы саны 150-ге жуық бейнематериал жарияланды.

АҚ КҮРІШТЕН ТАУ ТҰРҒЫЗҒАН «АҚМАЯ»

Егін жиылып біткелі, ала жаздай тыным таппаған диқан кетпені дамылдағалы біраз болды. Шаруалар қамбаны астыққа толтырғалы өздеріне дән риза. Расымен биылғы жыл олжалы болды. Облыс егіншілері гектарына 56,5 центнерден өнім алып, 500 мың тоннадан аса күріш жинады. Су тапшылығын тартса да бірлікпен іс қылған Сыр халқы осындай көрсеткішке қол жеткізді. Берекелі жылды қорытындылап, жер-жерде мереке қылған диқан тойы өлі де жалғасуда. Соның бірі – «Ақмая» шаруа қожалығы.

Ержан ҚОЖАС, «Сыр бойы»

Ақмая ауылдық клуб үйінде өткен іс-шарада шаруашылық төрағасы, облыстық мәслихат депутаты Дәулет Жұмбаев жыл басынан бергі жұмыстарына есеп беріп, еңбек адамдарын

марапаттады. Сондай-ақ жаз бойы төккен тердің жемісін тойлаған ағайынның қуанышына аудан әкімі Нұржан Ахатов қатысып, ынтымағы мен бірлігі жарасқан ауыл тұрғындарына алғысын

айтып, халықтың ұсыныстарын да тыңдады.

– Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев шаруашылық төрағаларымен кездесуде нақты тапсырма берген еді. Ол – шаруашылық басшыларының жыл соңында үлескерлермен қорытынды кездесу өткізіп, арнайы есебін беру және алдағы жылға межелеген жоспарларын бөлісу. Бүгінгі жиынның негізгі мақсаты осы. Сонымен қатар, еңбекте алда көрінген азаматтарымызды насихаттау да тоқтамайды. Біз бұған дейін Тұран ауылындағы «Төңкеріс және К» серіктестігінің есебін де тыңдадық, – деді аудан әкімі.

Іскер басшы, тәжірибелі маман Дәулет Жұмбаев басқаратын шаруашылық биыл 1300 гектар жерге Сыр салысын еккен. Сондай-ақ 250 гектар күздік бидай, 250 гектар жана, 535 гектар ескі жоңышқа бар.

– Шаруашылықта 120 адам жұмыс істейді. Көшегі күзгі жиын-терімде орта есеппен гектарына 41 центнерден өнім алып, 5277 тоннадан астам күрішті қамбаға құйдық. Жоңышқа мен бидайды да өз уақытында жинадық. Бүгінгі барлығы өзімізде еңбек еткен азаматтардың арқасы деп білемін. Шаруашылық ел ішіндегі әлеуметтік мәселелерді шешуге атсалысумен қатар, аудандық іс-шара-

ларға да демеуші болып келеді. Сондай-ақ шаруашылық есебінде 180 бас ірі қара бар, қазір сауылған сүтті аудандағы «Аруана» сүт өнімдерін өндіретін серіктестікке өткіземіз. Ал алдағы жылы күріш ақтау зауыты мен май сығу цехын іске қосамыз, – деді шаруашылық басшысы.

Төрағаның айтуынша, егін-терімге құны 2 млрд теңге болатын техникалар пайдаланылған. Биыл да қомақты қаржы бөліп, жер жұртуға арналған су жана қос трактор алған.

Жыл бойына аянайы еңбек еткен, ауылдың өркендеуіне зор үлес қосқан, күріштен мол өнім жинаған азаматтарға ақшалай

сыйақы тағайындалған. Олардың қатарында көлік жүргізушілер мен аспаздар, сушы, механизатор, звено жетекшісі және бригадирлер бар. Қаржылай марапат 100 мың мен 1 млн 500 мың теңге аралығында берілді. Сондай-ақ шаруашылық ардагерлері де марапатталып, үш қызметкер шипажайға жолдама алды.

Айта кетсек, бұған дейін аудандық «Алтын күз» мерекелік шарасында шаруашылықтың үш озат қызметкері – Төрехан Әлтаев, Бейсенбек Кунтупов, Бауыржан Сандыбаева «Ақмая» шаруа қожалығы атынан көлік кілттері табысталған еді.

Шиели ауданы



Суды тіршілік көзіне балап, оның тазасы әрі сапалысы жақсы деп жатамыз. Күнделікті тұтынатын ауызсуымыз бізге қалай келеді? Оның сапасына кім жауапты? Жалпы Сырдағы жұртты ауызсумен қай мекеме қамтамасыз етеді? Толғандырған сұрақтардың жауабын білу үшін «Нұра топтық су құбыры» ШЖҚ РМК Арал СЖКБД филиалының директоры Нахмадин Шамұратовқа жолығып, әңгімелескен едік.



Судың сұрауы болатын уақыт туды

– Нахмадин Шамұратовты, жалпы «Нұра топтық су құбыры» ШЖҚ РМК Арал СЖКБД филиалы немен айналысады? Бұл қандай мекеме?

– «Нұра топтық су құбыры» ШЖҚ РМК Арал СЖКБД филиалы – Қызылорда облысының барлық ауданы мен оларға қарасты елді мекендерді сапалы ауызсумен қамтамасыз ететін мемлекеттік кәсіпорын әрі бірінші оператор. Филиалда 1500-ден астам жұмысшы қызмет атқарады.

Бұл мекеменің тарихы тереңде жатыр. Кеңес үкіметінің тұсында, сонау 1950 жылы Қызылордада плотина құрылысын қаржыландыратын дирекция болып құрылған. Кейін жұмыс ауқымы кеңейтіліп, су шаруашылығы, өндіріс және азаматтық құрылыстарды қамтыған бірнеше салаға жетекшілік жасаған екен. Бертін келе, тәуелсіздік алған жылдары тек су шаруашылығы саласына мамандана бастаған. 2012 жылдың 5 қаңтарынан бастап Үкімет қаулысына сәйкес, ҚР Ауыл шаруашылығы министрілігі «Қазсушар» ШЖҚ РМК «Арал» СЖКБД филиалы құрылды. Ал 2019 жылы «Нұра топтық су құбыры» ШЖҚ РМК Арал СЖКБД филиалы ауыз су саласы бойынша «Қазсушар» ШЖҚ РМК-дан бөлініп шықты.

Бүгінде топтық су құбырлары және оқшау су жүйелері бойынша 223 су ұңғымасы, 194 насос станциясы, 1979,14 шақырым магистральді су құбырлары және 4628,86 шақырым ішкі су жүйелері арқылы Қызылорда қаласына қарасты және Арал мен Жаңақорған ауданының аралығындағы 191 елді мекенді таза ауызсумен қамтамасыз етіп отыр.

– Халыққа ұсынылатын ауызсудың тарифі қандай және оны қай уәкілетті орган қадағалайды?

– Негізгі біздің мекеме Ата Заңға және табиғи монополияларды реттеу заңдылықтарына сәйкес жұмыс істейді. Облыс бойынша табиғи монополияларды реттеу департаменті біз көрсететін қызметтерге байланысты бағаны реттеп, бекітеді. Соған сәйкес қосымша күн салығынсыз топтық су құбыры бойынша 1 текше метрге 341,71 теңге, оқшау су құбырында 1 текше метрге 274,86 теңге. Жеке тұрғындар ауызсуды тұтынғаны үшін 30-40 теңге көлемінде төлесе, айырмасы республикалық (жергілікті) бюджеттен субсидияланады. Мемлекеттік мекемелер мен өзге мекемелер бекітілген тарифке сәйкес толық бағамен төлем жасайды.

– Ауызсуды адамдар күнделікті тұтынатыны белгілі. Тіпті денсаулығына да әсер етеді десек, артық айтқандық емес. Жалпы жұмыс процесін жетілдіру үшін қандай шаралар атқарылып жатыр?

– Ауызсу тарату қызметі стратегиялық маңызды сала болғандықтан, оның санитарлық, қауіпсіздік талаптарын ерекше. Ауызсуды ұдайы гигиеналық таза және қауіпсіз беру қырағылықты, ұқыптылықты қажет етеді. Осы тұрғыда филиал мамандары қатал тәртіп пен жоғары біліктілік талаптарын ұстанады. Жұмыс процесін жетілдіру үшін мамандардың біліктілігін ұдайы арттырып, ауысымдық жұмысты еңбек режиміне сәйкес реттеп отырамыз. Оған қоса, мамандар еліміздің басқа аймақтарына іссапарға шығып, тәжірибе алмаспады. Кәсіпорындағы жас мамандарға тәжірибе жинақтау үшін қолдау көрсетілді. Жалпы алғанда уақытта бұл іздеп жүріп оқитын мамандық болатынына күмәншіл емес.

– Халықты ауызсумен қамтамасыз ету кезінде су құбырларында апат жөіі бола ма?

– Су құбырларында апат болмайды десем, өтірік екені белгілі ғой. Биыл орталық диспетчерлік бөлімде 2000-нан аса апаттық жағдай тіркелді. Себебі магистральді су құбырының тозығы жеткен, жоғарғы қысымға шыдамайды. Елді мекендердің ішкі су құбыры жүйесінің фаноды бөлшектерінің тозығы жеткендіктен, су кетеді. Шұғыл қалпына келтіру және тұрғындарды үздіксіз ауызсумен қамтамасыз етуді жалғастыру мақсатында әр бөлімшедегі апаттық бригаданың күшімен бұл жұмыстар өз деңгейінде жүргізіліп келеді. Қалпына келтіру бригадасы арнайы жөндеу көлігімен (РПК) жасқалған. Филиалға қарасты өндірістік бөлімшелер жоғары алдын алу (ППР) жұмыстарын тұрақты жүргізуде.

– Халықты ауызсумен қамтамасыз ету мақсатында қосымша қандай құрылыстар жезуге асырылуда?

– Жаңақорған ауданына қарасты 28 елді мекеннің 38 мыңнан астам тұрғынын ауызсумен қамтамасыз етіп отырған «Талап»



жерасты су қорынан жобаға сәйкес су өндіру үшін Су ресурстары комитеті арқылы республикалық бюджеттен қаражат бөлінді. Мердігер мекеме 5 ұңғыманы бұрғылау жұмыстарын жүргізуде. «Арал-Сарыбұлақ» топтық су құбыры 1986-1993 жылдар аралығында салынған. Бұл құбыр Арал және Қазалы аудандарының 163 мыңнан астам халқын ауызсумен қамтамасыз етуде. Бүгінгі күнге қолданыстағы 240 шақырымнан асатын магистральді құбырдың тозығы жетуіне және халық санының артуына байланысты екінші желіні салу жоспарда тұр. Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының тапсырысымен жоба-сметалық құжаттары әзірленіп, мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынды. Жобаның жалпы сметалық құны – 43,7 млрд теңге. Аталған басқарма жоба-сметалық құжаттарды Су ресурстары комитетіне тапсырып, алдағы жылға құрылыс-монтаж жұмыстарына қаражат көзі қарастырылуда.

Осының жалғасы ретінде бірнеше ауданда құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Атап айтқанда, Арал ауданының Токабай мен Абай елді мекендерін ауызсумен қамту үшін диаметрі 280-315 мм 89,02 шақырым магистральді су құбыры және диаметрі 160-25 мм 48,9 шақырым кентішілік су құбыры жұмыстары 2021 жылы басталған, 2024 жылға аяқтау жоспарлануда.

Сондай-ақ Арал ауданының «Ақбасты» елді мекенін ауызсумен қамтитын 34 шақырымдағы көтерме сорғы станциясының құрылысы үшін диаметрі 225 мм 117,295 шақырым магистральді және диаметрі 110-25 мм 8,355 шақырым ауылыштық су



құбырын салу да 2021 жылы басталған еді, алдағы жылы аяқталмақ. Қазалы ауданында да жүйелі жұмыстарымыз бар. Бұл ауданның Әйтеке би кенті, «Алтай», «Ойынды», «Көбек», «Қызылөскер», «Майлыбас», «Еңбекшіқазақ», «Байқожа», «Ақсуат» сынды 9 елді мекенін ауызсумен қамтамасыз ету мақсатында №4 және №6 бас тоғандарына жанғырту жұмысы үшін диаметрі 355-280 мм 62,9 шақырым магистральді су құбыры 2022 жылы басталып, бүгінде аталған бас тоғандарды жанғырту жұмысымен бірге 16 шақырым құбыр төселді. Шинелі, Жаңақорған аудандарының «Алмалы», «Төменарық», «Сүттіқудық», «Қожаберді», «Сунақ ата», «Еңбекші», «Екпінді», «Қодаманов», «Жиделіарық», Бекежанов секілді 11 елді мекенін ауызсумен қамтамасыз ететін диаметрі 400 мм 32,03 шақырым магистральді су құбырын төсеу жұмыстары 2021 жылы басталған, мұны да келесі жылға аяқтау мақсатымен отыр. Жаңақорған кенті мен «Жайылма» елді мекеніне ауызсу жеткізетін №1 сорғы

станциясын жанғырту үшін диаметрі 315 мм 23 шақырым магистральді су құбырын тарту 2022 жылы басталды, 2024 жылға аяқтау жоспарлануда.

– Мемлекет басшысының Қазақстан халқына арнаған Жолдауында «Судың сұрауы бар, су мұнайдан, металдан, саздан кем емес» деп атап өткен болатын. Қазіргі уақытта ауызсудың қадірін жете білеміз деп айта алмаймыз. Филиалға қарасты өндірістік бөлімшелердің қызметкерлері жөі тәжірибе алмаспа ма? Су заңнамасына сәйкес тұтынушыларға нақсат жұмыстарын жүргізу барысы қалай?

– Сұрағыңыз өте орынды! Тұтынушының ай сайын пайдаланған ауызсуымыз құбырындағы су есептегіш құралына филиалға қарасты барлық өндірістік бөлімшелердегі инспектор-бақылаушы қызметкерлер тұрақты мониторинг жүргізеді. Қызметкерлердің жұмысын жетілдіру үшін семинарлар ұйымдастырылады. Сонымен қатар жеке тұрғын үйлерін ауызсу құбырларындағы ұрлықты тоқтату үшін тұрақты тексеру жұмыстары қатар жүргізіледі. Осы жерде судан дәмді, судан бағалы ешнәрсе жоқ екенін айта кетейін. Асыңызды немен істейсіз, әрине сумен. Шөліңізді немен басасыз, тағы да сумен. Осының өзі-ақ көп нәрсені аңғартпай ма?!

– Филиалдағы өзіңіз айтқан өткен 1500-ден астам жұмысшының ауызбіршілігі, еңбек өнімділігін арттыруда қандай шаралар атқарылуда?

– Ауызбіршілікті сақтау, жұмысшылардың бір-бірімен араласуы тек жұмыс барысымен шектелмейді. «Спорт – денсаулықтың кепілі» демекші, Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында Арал, Қазалы, Қармақшы, Жалағаш, Сырдария, Шинелі, Жаңақорған аудандарының және Қызылорда қаласының өндірістік бөлімшелерінен жасасқан командалар арасында шағын футболдан, эстафетадан жарыс ұйымдастырылды. Өзара сынға түскен командалардың ешқайсысы осал емес. Сайыс соңына дейін қызықты да тартымды өтіп, жеңімпаздар марапатталды. Осы секілді іс-шараларды жиі ұйымдастыру басты назарымызда. Филиалдың кәсіподақ ұйымы жұмысшылардың отбасындағы қуанышты жағдайларға бір лауазымдық айлыққа дейінгі мөлшерде материалдық көмек көрсетеді. Некегетұрғанда, балалы болғанда, мекемедің үздіксіз кемінде бес жыл жұмыс істесе, 60 жасқа толған мерейтойға сыйлықақы беру жолға қойылған.

Былғы 1 қыркүйек – Білім күні қарсаңында асырауында 2 және одан да көп мектеп жасындағы көмектестік толмаған балалары бар жалғызбасты аналарға және көпбалалы отбасыларға, яғни 49 балаға «Мектепке жол» акциясына сәйкес біржолғы қаржылай көмек берілді. Сонымен бірге науқастанған жұмысшы-қызметкердің жазбаша өтініші негізінде қаржылай көмек қарастырылған. Қоспорының 2 зейнеткері және 42 жұмысшы-қызметкері «Сарыағаш» және «Жаңақорған» емдеу-сауықтыру шипажайларына жолдамалар алды, 14 жасқа дейінгі балалар лагерлерге демалуға жіберілуде. Одан бөлек, жетім балаларға, зейнеткерлерге, 9 алағма көмек көрсетіліп, кәсіподақтың мүшесі болып саналатын әрбір қызметкердің 14 жасқа дейінгі балаларына (жалпы 1554 дана) жаңажылдық сыйлықтар берілді.

– Әңгімеңізге рақмет, жұмысыңызға табыс тілейміз.

Әңгімелескен Азиз БАТЫРБЕКОВ

АЭС САЛУ: СЕКЕМ мен САЯСИ АСТАР

МҰҚТАЖДЫҚ МАЗА ҚАШЫРАДЫ

Былтыр күзде «Самұрық-Қазына» қоры Қазақстандағы 16 жаңа басым инвестициялық жобаның тізімін ұсынды. Олардың ішінде 2032 жылға дейін АЭС салу да бар болатын. «Болжамдық-энергетикалық тенгерім 2032 жылға қарай қуаты 2400 мегаваттқа дейінгі атом стансасын салу қажет екенін көрсетті. Сондықтан Үкіметтің жетекшілігімен қор осы жобаны іске асыруға кірісті» деп мәлімдеген еді қор басшылығы.

АЭС салу қазір түбегейлі қабылданып қойған шешім емес, алдағы уақытта референдум арқылы шешілетін. Алайда оған мұқтаждықтың бар екенін жасыра алмаймыз. Бар мәселе энергия тапшылығынан басталып тұр. Мысалы, Қазақстанда өндірілетін электр энергиясының 70 пайызға жуығы электр стансаларының үлесінде. Кеңес Одағы кезінде салынған Екібастұздағы ГРЭС-1, ГРЭС-2 және Ақсу ГРЭС-і сияқты ірі кешендер көмірмен жұмыс істейді. Олардан атмосфераны ластайтын заттар көп бөлінеді. Ал Дүниежүзілік банктен бастап көптеген үлкен қаржы орталығы көмірмен жұмыс істейтін стансаларды қаржыландыруды тоқтатып жатыр. Оған қоса, салық пен айыппұл көлемі де артқан. Ал өзінің органикалық отын жоқ Франция, Бельгия, Швеция, Жапония, Оңтүстік Корея, Финляндияда атом стансаларының электр энергиясын өндіруші негізгі көзге айналып, энергетикалық тұрақтылық пен табысты экономикалық дамуды қамтамасыз етіп отырғаны рас. Бұл ретте сарапшылар көмірдің жаһандық қоры 270 жылға дейін, мұнай 50 жылға дейін, газ 70 жылға дейін жететінін болжаған. Ал АЭС-ке пайдаланылатын әлемдегі 5 718 400 тонна уран қоры 2500 жылға дейін жетеді. Әлемдегі уран қоры ең көп ел – Аустралия десек, одан кейінгі орындарда Қазақстан, Ресей және Канада тұр. Сондықтан бізге бәрібір атом электр стансасын салуға тура келетін сияқты. Оның үстіне Қазақстанда уран таблеткалары мен жылу бөлуді элементтер өндірісі жолға қойылғандықтан, өзіміз өндіріп жатқан отынды өз игілігімізге пайдалану қажеттігі де жиі айтылып жүр.

Дегенмен қоғамның қорқынышы басым. Владимир Школьник «Қазатом-энергосіпт» басқарып тұрған кезінде «Біртарап елдер қалай болғанда да, атом энергетикасына мұқтаж екенін түсінді. Сауд Арабиясы 2030 жылға қарай 16 атом реакторын тұрғызбақ. Франция да АЭС қызметін ұзартуды шешті. АҚШ соңғы 30 жылдан бері алғаш рет екі атом стансасының құрылысына рұқсат берді. Өкінішке қарай, біздің қоғам атом энергетикасын қабылдауға әлі дайын емес», – деген еді. Бұл тектен-тек айтылған сөз емес. Сала бойынша сарапшы Қазбек Бейсейсе бұл тұста ескеруіміз керек көп дүние барын айтады.

«Сонғы уақытта бізде сонша көп энергия тұтына қояды деген ешбір алып өндіріс іске қосылған жоқ. «Бәленің бәрі майнингтен келіп отыр» дейді мамандар. Қазақстанда біреулер отырғып алып, майнинг үшін электр қуатын ауызсу тұтынып жатыр. Көлеңкелі майнинг Қазақстанда өздігінен пайда болуы мүмкін емес. Өзіміздің мол энергиямыз бола тұра, соған зар болып, оны да сырттан аламыз. Бізде цифрландыру жүріп жатыр, бұл жағдайда электр энергиясы аса маңызды стратегиялық ресурсқа айналады» деген маман.

ҮМІТ ПЕН ҮРЕЙ АРАСЫ

Әрине, халық мұқтаждықтың неде жатқанын ұғынады, тек қауіпсіздік үшін алаңдайтын белгілі. Қазақстан бұл тұста ең озық технологияларды қолдану жағын қарастырмақ. «Самұрық-Қазынаның» дерегіне жүгінесек, АЭС салуға ең басты 4 үміткер бар, олар: ресейлік «Росатом», қытайлық CNNC (China National Nuclear Corporation), корейлік KHNP (Korea Hydro & Nuclear Power) компаниясы, француздық EDF (Electricité de France) компаниясы.

Әрқайсысының артықшылықтары мен кемшіліктері бар, халықаралық жобаларды жүзеге асыруда тәжірибесі жеткілікті. Бірақ қор басшылығы аталған компаниялардың бәрін ысырып тастап, ресейлік «Росатомға» неқ артуы мүмкін секілді. Неге? Кейінгі үш жылдан бері Ресей Президенті Владимир Путин Қазақстанда ресейлік технология бойынша АЭС салу туралы ұсынысы айтып келеді. Бұл апарат қоғамда ірі резонанс тудырды. Содан соң DEMOSCOPE қоғамдық пікірге жедел мониторинг жүргізу бюросы Қазақстан азаматтары арасында «Қазақстандықтардың АЭС құрылысы

туралы пікірі» тақырыбында сауалнама жүргізді. 1100 адам қатысқан сауалнамада азаматтардың 55 пайызы қарсылық білдірген. Ал былтыр желтоқсанда «Самұрық-Қазына» «Росатоммен» келіссөз жүріп жатқанын растаған. Сондықтан секем алуымыз негізсіз емес. Былтыр маусымда Энергетика министрлігі АЭС Алматы облысындағы Балқаш көлі маңындағы Үлкен ауылында салынатынын алға тартқан болатын. Болжам бойынша, жоба құрылысына 5 миллиард доллар жұмсалуы мүмкін. Дегенмен «Самұрық-Қазына» АҚ-ның еншілес кәсіпорны «Қазақстан атом электр стансалары» АЭС-тің екі реакторының құрылысына 10-12 млрд доллар жұмсалуды мүмкін екенін мәлімдеді. Алдын ала есептеулер бойынша Қазақстанда әрқайсысының қуаты 1,4 мың МВт болатын 2 реакторлы АЭС салу керек. АЭС-ті пайдалану мерзімін 60 жылдан 100 жылға дейін ұзарту мүмкіндігі қарастырылған.


ӨЗГЕЛЕРДІҢ КҮЙІН КЕШПЕЙІН ДЕСЕК...

Сарапшылар «қауіпсіздігіне кепілдік жоқ» дейтін «Росатом» әлемнің біраз еліне ықпалды. Қазір энергия тұтынуының өсу жылдамдығы бойынша әлемде Қытайдан кейінгі екінші орында тұрған Түркияның өзі мемлекеттердің энергетика сұранысын қамтамасыз етіп отырған мұнай, табиғи газ, көмір қорының қарқынды түрде азаюы энергия ресурстарын түрлендіруге себеп болып отырғанын мойындады. Енді Ресейдің «Росатом» компаниясы Түркияның Жерорта жағалауындағы Мерсин провинциясында 2018 жылдан бері АЭС салып жатыр. Екі ел арасындағы ортақ келісім 2010 жылы жасалған еді. Бүгінде 4 блоктан тұратын стансаның негізі қаланған алғашқы блогының құны – 20 миллиард доллар. Ресей Президенті бұл жобаның барлық сала бойынша орыс-түрік қатынасын дамытып, достық пен өзара түсінісуді арттыратынын мәлімдеген. Бұл ретте энергия көздерін сатып алушы ел саналатын Түркия өзінің ресурстары жеткіліксіз болғандықтан және энергетика нарығындағы баға ұдайы өсіп отыратындықтан, сыртқа тәуелді. Сондықтан да балама энергия ресурсына мойынсұнуға мәжбүр. Алайда қол қойылған келісім-шарт хаттамасындағы «Жоба компаниясы электрмен қоса АЭС-тің меншік иесі болып саналады» деген сөздің өзі Ресейдің Түркия территориясында өндірген электр энергиясын өзі қалаған мекемеге немесе мемлекетке сатуы бойынша шешім қабылдаушы жалғыз екенін көрсетеді. Түркияға енді шегінерге жол жоқ. Өйткені АЭС салу туралы шешімінен бас тартатынын хабарлаған Болгарияға Ресей Президенті бұл жобаның барлық талабын жіберген болатын. Сондай-ақ 2012 жылы Владимир Путиннің Бішкекке сапары аясында Қамбарата ГЭС-1 мен «Жоғарғы Нарын» сарқырамасы ГЭС құрылысы туралы келісім жасалған. Ал 2015 жылдың соңына қарай сол кездегі Қырғыз Президенті күрделі экономикалық жағдайда Ресей стансаның құрылысы бойынша өз міндеттемелерін орындай алмайды деп мәлімдеп, 2019 жылы келісімнің күшін жойды. Сонда да Ресей бірден жобаның негізгі мердігері «Русгидро» екенін алға тартып, «Жоғарғы Нарын» сарқырамасы ГЭС нысаны құрылысының сметасына сәйкес, Қырғыз Республикасына 37 миллион долларды талап еткен есеп-қисапты жібере қойған еді. Сондай-ақ Өзбекстанды жылына 55 миллиард текше метр газбен қамтамасыз етіп отырған ең ірі «Газли» кен орнының сарқылып бара жатқаны айтылды. Сол себепті ол елге де Ресей тарапынан АЭС-тің газды ішкі тұтыну көлемін азайтып, оны экспортқа шығаруға және еркін айырбасталатын валюта қорын көбейтуге мүмкіндік беретіні ескертілді. Содан кейін өзбек билігі де АЭС салу туралы шешімді шұғыл қабылдады.

АЭС салу үшін, ең алдымен, өте көп қаржы мен су керек болатынын ескерген абзал. Станса маңында ураннан үлкен көлемдегі қалдықтар қалады. Оны сақтау үшін жер астында инфрақұрылым болуы қажет. АЭС-те төтенше жағдай өте аз кездеседі, дегенмен, апат бола қалған жағдайда оның алдын алу мен радиацияны жою мүмкін емес. Қалай десек те, өнеркәсіп пен халықтың электр қуаты қажеттілігін қанағаттандыру үшін әлемде әзірге атом энергетикасына балама жоқ. Өзірге референдумның қай уақытта өтетіні белгісіз. Мемлекет үшін ең бастысы – қауіпсіздік жайы. Сондықтан мамандар үміткер компанияларды егжей-тегжейлі зерттеу жүргізіп барып, таңдағаны жөн.

ШӘКІРАТ ДӘРМАҒАМБЕТҰЛЫ – 95

Біз білетін қаламгер атаулының бәрінің дерлік жазу-сызу өнеріне бейімделуі мектептегі, мекемедегі қабырға газеттерінен бастау алғаны белгілі. Солардың бірі – тоқсан бес жастың төріне озған белгілі журналист, ұзақ жылдар облыстық «Сыр бойы» (бұрынғы «Ленин жолы») газетінің Арал, Қазалы аудандарындағы меншікті тілшісі қызметін абыройлы атқарған, ҚР Мәдениет қайраткері Шәкірат Дәрмағамбетұлы.



Аңыз тілмі, аныз тілмі

Өткен ғасырдың жиырма сегізінші жылының жиырма тоғызыншы желтоқсанында теңіз аттас ауданның Қаратерен балықшылар ауылында дүниеге келген Шәкең одан әрі өмір соқпағымен өрлей береді. Бірақ бұл айтуға ғана оңай. Айтпақшы, Шәкірат көкеміз туған ауылында тұңғыш ақпарат құралын ұйымдастырған. Сол тұстағы Шевченко атындағы колхоздың радиоторабынан аудан, ауыл жаналықтарын «Толқан», «Қосарал», «Терістүбекке» тегіс таратқан.

Әкесі Дәрмағамбет, анасы Набат отбасындағы жас балаларының тәрбие-тәліміне баса көңіл бөлген кісілер еді. Соның себебімен осы шаңырақтан қанат қалқан Шәкірат та, інісі Шәкізат та оң-солын ерте таныды, оқиды-тоқиды. Шәкірат көкеміз Қаратерен орталау мектебін тәмамдаған соң, бірден үлкен өмірдің ұшанына құлаш ұрады. Қазалы теміржол училищесін бітірген соң, одан әрі оқу қамын ойлап 1946-1950 жылдары Қызылорда педагогикалық институтында жоғары білім игеріп, одан әрі талпынды. Институт қабырғасында болашақ білікті журналистің кейін белгілі мемлекет және қоғам қайраткері атанып, Қармақшы, Қазалы аудандық партия комитеттерін басқарған, бірқатар облыстық денгейдегі қоғамдық ұйымдарға жетекшілік жасаған Елеу Көшербәевпен бірге оқығанын, бір нанды бөліп жегенін ғұмырбаяндық кітабынан оқып, танысқаным бар. Онда екі достың бозбала студент шақтарындағы қызықты кездері әдемі ой, әсерлі әңгімелерімен кестеленді.

Адамға арман қанат, еңбек талап бітіреді. Осы екеуін өмірлік серігі, ұстанымы еткен Шәкеңнің еңбек жолы одан әрі төмендегіне өріледі. Жоғары оқу орнында жолдасыммен Атырауда алғашқы ұстаздық еңбек жолын бастаған ол біршама уақыттан кейін туған жерге оралды. Әуелі Шөмішкөл, Шижига, Қаратерен орта мектептерін басқарған, көп ұзамай Көпбірлік колхозы партия ұйымының хатшысы қызметіне тағайындалды. Осындай қат-қабат қызметтердің арасында, қолы қалт еткенде бала жастан бойына біткен жазу-сызу өнерін де өгейсітпейді. Жазғандарын сол тұстағы аудандық, облыстық, арақидік республикалық басылымдарда да жариялап жатады.

Ұстаздық қызметтен кейін партия-кеңес жұмыстарына жегілген Шәкеңнің алдында осы кезде екі тарау жол тұрған еді. Соның екі біріншісі, ең бастысы – халқына қуатты қалам қарымымен қызмет көрсету. Бір айта кетерлігі, бұл жол Шәкеңді аластырмады. Бозбала шақтан алдына қойған мақсатына алып келді. Бірақ жазу-сызу өнері былайғы адамға әншейін зурешілік көрінгенімен, құр босқа қаламға қанат, ойға қиял бітіріп, алдындағы ақ қағазды ертелі-кеш ермек етіп шимайлау емес еді.

Осыдан аттай алыс төрт жыл бұрын, нақтырақ айтқанда 1960 жылы журналистика элементі жүрек қалауымен бірқолада атбасын тіреп, аудандық «Социалистік Арал» газетінің табалдырығын аттаған Шәкең бөлім меңгерушісі болып тағайындалды. Газет редакторы Тәймағамбет Тәжіков бұрынғы партия ұйымының хатшысы қызметінде жүріп редакция жұмысымен тығыз қарым-қатынаста болған, мазмұнды мақалалары, ойлы очерктері, сырлы суреттемелері жиі-жиі газет бетінде жарияланып келе жатқан Шәкеңді құшақ жап қарсы алды.

Өкешеді-редакцияның натындардай болғанымен, заты қылдай болатын. Сыбағасына тиетіні – аупартком мен ауаткомның ескі-құсқы үстел, орындары, жазу машиналары.

Жертөленің астында орналасқан аудандық баспаханың материалдық-техникалық базасы мардымсыз, тәжірибелі, тісқакқан баспагерлердің іскерлігі нәтижесінде жоқтан бар жасалып, аптасына аудандық газет ертен дегенде екі мәрте жарық көретін. Соған қарамастан сонау 1930 жылдан бері аудан тұрғындарының айнасына айналған газет беттерінде еңбек озаттарын мадақтау, қоғамда орын алған кемшіліктерді келістіре сынау, бір сөзбен айтқанда оқырмандарға ой салған мақалалар тізбектізбегімен жарияланып жататын. «Сен тұр, мен атайын» дейтін газет қызметкерлерінің сапында енді Шәкең де білек сыбана іске кірісті.

Журналист те құлды бал жарасы іспеттес. Гүлден гүлге қонып, қажетіне жарайтынды іздеп тыным таппайды. Бір шегі «Бекбауыл», «Ақбай», «Ақирек» алқабынан бастап, екінші шегі «Құланды», «Қарақұм», «Атанши» жақтарың аттылы-жаяу аралап, еңбек адамдарымен диларласады. Оқырманға ой туғызатын небір оқиғалар ортасында болады. «Тү-йенің арқалағаны алтын, жегені жантақ» деген сөз тура журналистерге қарата айтылған. Жаздың ми қайнатар аптабында, қыстың қарлы-боранды, қызылшұңқақ азды күндерінде редактор тапсырмасымен елдің шетінде, желдің өтінде сүрніккен қаламдасары қатарын осылайша Шәкең де толықтырған болатын.

Бүгінде тоқсан бес жастың томағасын сыпырып, төрдің төбесіне оза да, қаламы қуатты, жабағы шуақты карт журналист сол бір қызығы мен қиындығы қат-қабат кездерді еске алатын болар. Сол кездегі хрущевтік «жылымық» тұсында бұрынғы облысымыздың бұрынғы Шымкент, Жамбыл облыстарымен үштік құрамда Оңтүстік Қазақстан өлкесі атанып, аудандық газеттердің басына қара бұлт үйірілген жылдарды ұмытпаған шығар. Сонда ғой Арал аудандық «Социалистік Арал» газеті редакциясының есігін қара құлып күзетіп, журналистердің тұс-тұсқа тарап кететіні. Шәкең болса төскейде малы, төсекте басы қосылған екі ауданға ортақ газет Қазалы қаласынан жарық көргенде солай қарай жылжиды. Қазалылық Сейіл Боранбаев, Киікбай Изетов және басқалармен осында қанаттас, қатарлас қалам сілтеді. Өсті, өнді.

Көп ұзамай араға үш жыл салып өлкелік құрылым таратылып, аудандық газеттерге қайта еркіндік берілді. Өз қолы өз ауызына жеткен аудан башылығы газет шығару жұмысын қайта қолға алды. Бұл – 1965 жылдың тамыз айы болатын. Аупартком жабылып қалған газет редакциясын жаңадан жасақтап, бұрын республикалық «Лениншіл жас», облыстық «Ленин жолы» газеттерінде жауапты қызметтер атқарған белгілі журналист Мәлік Сәрсеновті бұрынғы «Социалистік Арал» атын «Толқын» болып еншілеген басылымға бас редакторлыққа тағайындады. Бұған дейін «Ленин туы» атымен Арал, Қазалы аудандарына тараған газетте жауапты хатшы қызметін абыроймен атқарған Шәкірат Дәрмағамбетұлы «Толқын» газетінде де осы жұмысқа жегілді. Ұзамай редактордың орынбасары қызметіне жоғарылатылды.

Осы тұста ғой, Шәкеңнің аудандық ауруханада жатқан науқас-

тардың жағдайын баяндап жазған «Аурулар аш қалыпты» атты аңызға айналған сын мақаласының аупарткомнан бастап денсаулық сақтау бөлімі басшыларының екі аяғын бір етікке тығатыны. Соның нәтижесінде аудандағы басқа мекемелер басшылары да мұнан тиісінше сабақ алды. Мұндай өткір де өзекті мақалалар тізбегі Шәкең 1965 жылдан бастап 1991 жылға дейін өзі бір кездегі облыстық «Ленин жолы» (қазіргі «Сыр бойы») газетінің Арал, Қазалы аудандарындағы меншікті тілшісі болып қызмет атқарған жылдары жиі-жиі жарық көргені есімізде. Сол жылдары Шәкеңнің Қазалы мен Аралда бармаған жері, баспаған тауы қалмаған шығар. Жүздерін күн қақтаған құрш-шілер мен маң далада мал өсірген малшылардың, теңіз айдынындағы ақжал толқындалармен алыса жүзіп, су маржанын аулаған ержүрек балықшылардың арасында жиі болды. Олардың жанқиярлық ерен еңбегі туралы жарық көрген мақалалары том-том кітапқа жүк болған шығар. Бұл жердегі күнделікті өмір тынысы, аулаң-аулаң қызықты-шыжықты оқиғалар мазмұнды мақалалар өзегіне айналып, облыстық басылым беттері арқылы мұндаған оқырман оясыннан шығып жататын.

Карт журналистің көкірегі көмбе іспеттес. Өткені тарих. Бүгінгі шежіре. Ретін тауып сурьптақтап сыр тартсаң, төсекте басы, төскейде төрт түлік малы қосылған қос ауданның арғы-бергі кездерін сөйлеткен болар еді. Бұған бірер мысал.

Өткен ғасырдың жетпісінші жылдары абыз тілші, аңыз тілші Ш.Дәрмағамбетұлының республикалық «Қазақстан» баспасының «Арал арайы» атты деректі кітабы жарық көрген еді. Ондағы топтастырылған Социалистік Еңбек Ері, атақты балықшылар Ұштап Әуелбаев, Төлеген Әлімбаев, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, үш бірдей «Еңбек Қызыл ту» орденінің иегері Нарғали Демуров және даңқты дала еңбеккерлеріне қоса теңіздегі алап тауылда мұз үстінде ыққан Баймақан карт пен оның келіні туралы хикаятты шынайы шығармалар болатын. Оларды ажал тұрнағынан құтқарған ержүрек ұшқыш Хамит Қалиевтың әжіл іс-қимылы осы мақаланы оқып, оның ұңғыл-шұңғылына терең бойлаған адамды еріксіз тәнті ететін.

2005 жылғы сәуір айында Президенттің Арал қаласында орталық алаңдағы тұрғындармен кездесуінде мінберге шыққан ардагер журналистің Арал тағдыры туралы айтқан сөздері аралдықтардың әлі күнге дейін есінде. Сол сәтте қайтқан теңіз болып тебіренген карт қаламгер Кіші Арал айдынына зор үміт артқан болатын. Шәкеңнің сол үміті алдамды. Байырғы ұлы айдынды екіге бөлген алып «Көкарал» бөгеті салынып, балық шаруашылығы қайта өркендеді. Соны өз көзімен көрген, көңіл тезіне түйген Шәкеңнің сол жылдары облыстық «Сыр бойы» басылымның беттерінде топтама мақалалары түйдек-түйдек жарияланып, жаңалыққа жаны құмар облыс оқырмандарының ойынан шыққаны бар. Ойы жүйрік, қиялы қырандай ұшқыр карт тілшінің сөз саптауы, диалог құру, тақырып тандаудағы, оны

талдаудағы шеберлігі – өз алдына бөлек әңгіме. Әсіресе кейіпкерлерінің ауызына күнделікті шаруасына байланысты сөз салып, сол арқылы жазып отырған аламының жан-дүниесін, мінез-құлқын мінсіз сипаттайды. Бұл Шәкеңнің кез келген жазбасынан анық аңғарылады. Әрине, оны зерттеп ғылыми айналымға енгізу – тілші-ғалымдардың төл міндеті. Біз мұны тек сөз реті келген соң айтып жатырмыз.

Ардагер журналист осы күндері өзімен аралас-құралас қызмет атқарған, облыстық газетке басылық жасаған қазақ және облыс журналистикасының жампоздары сағынатын тәрзіді. Оқта-текте әңгіме тиегі ағытылғанда Ұзақ Бағаев, Қалқабай Әбенев, Нұрлілда Уәлиев, Әскербек Рахымбеков, Мырқы Исаяев, Айжарық Сәдібеков, Қомшабай Сүйенішов, Арзымбек Мәденинов, Омар Әбулдуалиев, Қайырбек Мырзахметов, Арал мен Қазалы аудандық газеттерінде бір-ге қызмет атқарған Тәймағамбет Тәжіков, Мәлік Сәрсенов, Сағынжан Ермағамбетов, Кенес Өмірзақов, Өмірбек Төлепов, Сейіл Боранбаев, Киікбай Изетов және басқалардың аттарын атап, түстерін түстеп отырады. Бір кездері өзі әңгіме-дүкен құрған бұрынғы Талдықорған облысының әкімі Шалбай Құлмаханов, облыс әкімі қызметінде болған Серікбай Нұрғисаев және басқалармен бірге түскен бейнелері карт тілшінің архивінде сақтаулы.

1991 жылы құрметті демалысқа шыққан Шәкең қолынан қаламның тастамады. Аулаң түрлі тақырыпқа қалам тартты. Өндіріп жазғандары облыстық, аудандық, оқта-текте республикалық басылымдарда кідіріссіз жарық көріп жатты. Соған бір күні еңбекпен етене шұғылдану үміті оянды. Осы калай деген бір топ зейнеткерлермен ақыл-кеңес құрғаны сол, олар Шәкеңнің ойын бірауыздан қолдай кетті. Бұл – 1992-1993 жылдар болатын. Сол жылдардан бастап «Шымкент-Самара» трассасының бойындағы «Ақбай» алқабынан бақша дақылдарын егуге бел буған. «Ардагер бақшашылар» ұйымының құрамындағы қырықтан астам ақ самайлы ардагерлер танның атасы, күннің батысы тізе бүкпей тер төкті. Соның нәтижесінде Шәкең басқарған «Ардагер бақшашылар» бригадасы жиырма жыл бойы өздеріне бекітілген алқаптан мол өнім алғаны қазір аңыз іспеттес.

«Еңбек түбі – береке» деген осы да. Мұндай еңбеккерлік қасиетті бүгінгі жастарымыздың бойына сіңіре білсек қанекей. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев айтқан болатын. Ендеше ардагер журналистің жастарды адал еңбекке баулу жөніндегі өнегелі бастамасы нағыз үлгі тұтарлық іс емес пе?

Адал еңбек абыройға бөлейді. Сонау 1979 жылы ҚР Еңбегі сінген Мәдениет қайраткері атағына ие болған, тоқсан бес жасқа толған абыз тілші, аңыз тілші бұдан кейін әр жылдары Президенттің Құрмет грамотасымен, Ұлы Отан соғысының 50, 60, 70 жылдық мерекелік медалімен марапатталған. Ұлы Отан соғысына қатысқандарға тенеістірілген тыл ардагері. 2007 жылы Арал ауданының Құрметті азаматы атанған. Облыстық «Сыр

бойы» мен Арал аудандық «Толқын» газеттерінің өткен жылдардағы әр санын ақтарсаңыз, Шәкірат Дәрмағамбетұлы есімі алдыңыздан шыға келеді. Оның қолтанбасы қойылған әр мақаладан түрлі мамандық, сан алуан тағдыр иелерінің, еңбек адамдарының ақжарқын келбеті, олар өмір сүрген өткен кездердің сыры, ажарлы сөзбен айшықталған бейне-белдерлері менмұндайтыны сөзсіз. Соны ой сарабына салып оқығанда, олардың қарапайым болмыс-бітімін көңіл кестесіне тоқығанда алыста қалған әлгі кейіпкерлердің өткен кезенге деген сартап сағынышын, ағыл-тегіл аңсау атты сезімін туғызатыны шүбәсіз. Соған соң журналист шынайы жаза білуі керек-ақ деп ойлайсың. Сол сәтте тоқсан бес жастың тұғырына қонған алмас тілді, айшықты ойлы ардагер журналист Шәкірат Дәрмағамбетұлы сияқты белгілі қалам қайраткерінің, біртұрау тулғанын шыққан биігіне еріксіз көз салып қарауға мәжбүр боласың. Таулар алыстан көрінеді деген осы шығар. Кітап – асыл қазына. Жақында карт журналистің «Қаламгер асуы» атты деректі әңгімелері, мазмұнды мақалалары, ойлы очерктері топтастырылған екі томдығы жарық көрді. Оқырмандарымен көзайым болған бұл жана кітаптарды парактаған жанның автордың шуақты қаламына, қуатты қадамына тағы да куә болары сөзсіз.

Арал – біздің анамыз, атырап бай, Сол Аралда көкем бар Шәкіраттай. Айтқан сөзі данышпан Соқраттай, Жазған сөзі киелі жапырақтай.

Аймақ қанық абырой, атағына, Қоса көрме көп шалдың қатарына. Кіші жүздің әйгілі Өйтекедей биіне ұқсас ақ күміс сақалы да.

Алдың асу жүз деген, асықақ енді, Жамбылға ұқсап қыз-қырқын ғашық болды. Сөйтпін жүріп бұл Шәкең тоқсан беске, Алшаң-алшаң атаңдай басып келді.

Осы ағамыз сияқтан сияқтансаң, Тұлпар ізін басады тұяқтар сан. Ағамыздың есімі шыға келер, «Сыр бойының» өткенін жиі ақтарсаң...

Шапағатын шашқандар түгел елге, Мың жасандар! Жөк менде тілек өңге. Ақыл қосқан адам ол біз сияқты, Ақын түгіл, Алғашқы Премьерге.

Қашан көрсен қаламы жапын атқан, Көсемсөзші жазғаның жамыратқан. Мақтап еңбек адамың, Жалқауменен. Жебе-сөзін жемқорға аныратқан...

Қартайса да қаламы қартаймайды, Ортайса да ойы оның ортаймайды. Еңкейгенге ешқашан еңкеймейді, Шалқайғанға бұл Шәкең шалқаймайды.

Жазса шайыр мадақтап, жыр ұсынып, Құлақ асар көзі ойлы, түрі сұлық, Шал дейсің-ау, Шәкеңді шал дейсің-ау, Шалбарының көрмепті қыры сынып.

Заман тыныш, Ай менен күн аманда, Асулары аз емес шығар алда. Жұбаншым боп қаншама жылғағанға, Қанатымен су сепкен қарлығаштай, Қаламымен қосты үлес бұл Аралға.

Жік есіне түседі жігіт ғұмыр, Ақ қағазда арманы, үміт түгіл. Бір сөйлеммен түзетіп қисайғанды, Бүтіндейді кез келген сынықты бір.

Мүжілмейтін бейне бір мұнаралар, Дүние қызық сендермен дүр ағалар. Көшеге шыға келсе кес-кестеген, Көбік ауыз көп тентек тұра қалар...

Аспан таулар сияқты басы нұрлы, Алшысынан тұрғызған асығымды, Алақанға салындар асылымды. Токсан бесің тәйірі сөз болып па, Нартәуекел! Сыйладым ғасырымды.

Тольбай АБЫЛАЕВ,
Арал ауданының
Құрметті азаматы



Алдағы жылы Жанқожа Нұрмұхамедұлы бабамыздың дүниеге келгеніне 250 жыл толмақ. Соған орай батыр есімін ұлықтауда ауқымды шаралар өткізіледі деп күтілуде. Осы ретте Жанқожа батыр бейітінің шырақшысы Еркін Сағадинмен тілдесіп, әңгімеге тартқан едік.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ,
«Сыр бойы»

ХАЛҚЫНА ҚОРҒАН БОЛҒАН

– Жанқожа батырдың мазары Қызылқұмдағы «Кәукей» елді мекенінен батысқа қарай 170 шақырым жерде Өзбекстанмен шекарада орналасқан. Биік төбенің ұшақ басындағы мазар кейін силикат кірпішпен өрілген. Ұзындығы – алты, ені – бес метр, биіктігі – үш, күмбезделген беті – бес метр. Түнеухана маңында бұлақ бар. Зиярат жасаушылар алдымен осы бұлақтың жанына аялдап, жуынып-шайынып, дәрет алып, тазалануға тиіс. Алайда ауызсу, аяқсу мәселесі өте қиын. Өткен ғасырдың 60-жылдарының орта шенінде қазылған бұлақтың жағдайы қазір күрделі күйде, су көзі бітелген. Келушілер ауызсуыды ыдысқа құйып, өздерімен бірге әкелуге мәжбүр. Бұлақ мәселесі бұған дейін қозғалған болатын. «Құ-жатары дайындалуда. Алдағы уақытта бұл мәселелер шешіледі» дегенді естіміз. Тез-детіп бітсе дұрыс болар еді.

Зиярат сырлауды қажет етеді. Басындағы түнеухана 1992 жылы шопанның үйі ретінде салынған. Ұзақ жылдар бойы шырақшы болған марқұм әкем Иманғали Сағадинұлы түнеухана ретінде пайдаланып келді. Жыл сайын қолдан келген жөндеу, әктеу-сырлау жұмыстарын үй ішімізбен бірге жасаймыз. Түнеуханы жөндеуге бару үшін қомақты қаржыға көлік жалдаймын. Осыны ескеріп, мүмкіндік болса техникалық жағдайы жарамды көлік қаралса деген өтінішім бар. Үйді күрделі жаттарды дайындауға ерекше көңіл бөлген ләзім, – дейді шырақшы.

Қазалы ауданы

Фото: Ашық дерексөзден.



Мұнайшы ардагерлерге құрмет

Қазірде мұнай игеріп жүрген компаниялар көп болғанымен, аймағымыздағы солардың ең алғашқы қарлығы «ПетроҚазақстан Күмкөл Ресорсиз» АҚ компаниясы екендігі белгілі. Қазірде аймағымызда жетекші компаниялардың бірінің жұмыс ағымы жұмысшыларға жағдай жасауға әбден маманданған. Осы тұрғыда мұнай игеру саласындағы ірі кәсіпорынның жеткен жетістіктері де атап айтуға тұрарлықтай. Компания жылдағы дәстүрлі зейнеткерлерді құрметті еңбек демалысына шығарып салу іс-шарасын өткізді.

СБ Библат СӨТЖАН,
«Сыр бойы»

Шараға еңбек ардагерлері катысып, компанияның жұмысына сәттілік тіледі. Сонымен қатар, компанияның вице-президенті Болат Көшербаев катысып, зейнеткерлерге игі ниетін жеткізді.

— Өмір деген өтпелі кезеңдерден тұрады. Аяғың табалдырықты атаған сәттен-ақ, уақыт зулап өте шығады. Тіпті байқамай да каламыз. Сондай өтпелі уақыттың бірі — зейнетке шығу. Бұл өте жауапты уақыт деп білемін. Жастарға жол көрсетіп, ақыл айтатын уақыт. Сіздерді осындай жауапты кезеңге келгендеріңізбен құттықтаймын. Кеше ғана өткен Тәуелсіздік күні құтты болсын. Биыл тағы да бірқатар әріптестерімізді құрметті еңбек демалысына жіберіп, зейнеткерлер саны көбейіп жатыр. Сіздерге зор денсаулық, ұзақ өмір тілеймін. Өсіріп отырған ұл-қыздарыңыз үміттеріңізді ақтап, қуанышка бөлей берсін. Жылды жетістікпен аяқтап, жоспарды асыра орындап келе жатырмыз. Келер жыл биылғы жақсылықтың өз жалғасын табатын жылы болсын, — деді Болат Көшербаев.

Сондай-ақ отыз жылдан аса уақыттан бері Қызылорданың напакасы, берекесі болып келе жатқан мұнай өндірісі өлкемізде

басталу тарихымен тығыз байланысты, «Күмкөлдің» қазығын өз қолымен қағып, Сыр бойындағы мұнайшылар мектебінің негізін салған Мұрат Саламатов есімін ұлықтауға арналған шаралар туралы айтты. Жаксының мәңгілік жасайтын ісін жас ұрпаққа үлгі ететін шараларға ардагерлер қауымын қатысуға шақырды.

«Көп қарттың ортасында жүрген дана болар» деген сөздің өзі-ақ, қариялардың қоғамдағы рөлін анық басып, дәл көрсеткен. Өсер елдің енегелі ұрпағы дария теңіз қариясы мен ақпейіл кеуанасын құрметтеуі — қалыпты құбылыс. «ПетроҚазақстан» зейнеткерлері үшін бұндай құрмет таңсық емес. Айтса айтқандай, мұнда жасы жетіп, еңбек демалысына шыққан әрбір жан бейнетінің зейнетін көріп отыр. Олар айтулы мерекелерде бас қосып, бір-бірін мерейлі жасқа жетулерімен құттықтайды, өткен өмір, еңбек жолдарын еске түсіріп, бір жасап қалады.

Іс-шара барысында 80 жас мерейтой иелері Құлпаршын Сексенбаева, Светлана Цой, 70 жас мерейтой иелері Рахымбек Байғараев, Ерден Досжанов, Нағима Рақманова, Мәделхан Раманқұлов, Әскербай Сералиев, Тынысбек

Сәрсембаев, Анатолий Тарасенкоға компания басшылығы атынан сыйсияпат тапсырылды.

Айта кетсек, компанияның зейнеткерлер саны 241 адамды құрайды. Биыл компанияның 41 қызметкері құрметті еңбек демалысына шығуда. Шараға келген зейнеткерлерге түрлі сыйлықтар тарту етіліп, алғыс хаттар табыс-талды. Сонымен қатар, ән айтылып, өнерпаздар өз өнерімен қонақтардың көңілінен шыға білді. Көрсетілген құрметке ардагер мұнайшылар дән риза. Жылда жалғасын тауып келе жатқан бұл іс-шара компанияның сарабал жұмыс жүйесі деп бағалады келген қонақтар.

— Бүгінгі жиынға осы салада еңбегі сіңген, талай жыл тер төккен біршама аға-аналарымыз қатысу-да. Біздің компания басшылығы және кәсіподақ комитетінің зейнеткерлерге бірлесе көрсетіп жатқан құрметіне алғысымды айтамын. Компанияда қызмет істеген жандарды ұмытпай, мерейлі шақта құрмет көрсетуі үлкен адамгершілікті білдіреді. Бүгін арнайы зейнеткерлерді және осы жылы зейнетке шығып жатқандарды құрметтеп жатыр. Осы үшін де үлкен алғыс білдіремін. Бұл игі іс бірінші рет істеліп жатқан жоқ. Осының алдында да мұндай іс-шаралар тұрақты түрде өтетін. Бүгін міне, жалғасын табуда. Еңбегі сіңгеннің бейнетін бағалағаны — құптарлық іс, — дейді зейнеткер Ерден Досжанов.

Сондай-ақ салтанатты жиынға облыстық кәсіподақтар кеңесі төрағасының орынбасары Марат Байімбетов арнайы қатысып, құрметті еңбек демалысына шыққан сала мейталмандарына лебізін білдірді.

— Сіздер жүріп өткен еңбек жолдарыңызда өз қолтаңбаларыңызды өңіріміздегі мұнай ке-



налдырдыңыздар, — деді Марат Байімбетов өз құттықтауында. — Сіздердің жанкешті еңбектеріңіздің арқасында «ПетроҚазақстан» бүгінгі күні аймағымыздағы жетекші мұнай компанияларының біріне айналды. Бүгін салада ондаған жылдар бойы абыройлы еңбек еткен бір шоғыр мейталмандарымыз құрметті демалысқа шыққалы отыр. Біз сіздерге мұнай компаниясының дамуына, аймақтың өсіп-өркендеуіне сіңірген еңбектеріңіз үшін алғыс айтамыз. Сіздер әлі де білімдеріңіз, тәжірибелеріңіз, білгендеріңізді үйретіп, күш-жігерлеріңізді өздеріңізге лайықты ізбасар қалыптастыруға жұмсай бересіздер деп сенемін. Бүгіннен бастап аймағымыздың ынтымағы мықты әрі ұйымшыл еңбек ардагерлері қатарына қосылдыңыздар. Сіздерге мықты денсаулық тілеймін!

Сондай-ақ Марат Байімбетов компанияда 31 жыл қызмет атқар-

ған жобалау департаментінің топ жетекшісі Гүлнәр Қуанышеваға облыстық кәсіподақтар кеңесінің алғыс хатын табыстады.

Айта кетсек, компанияның бұл шарасына кәсіподақ ұйымының көп ықпалы тиген. Компания ішіндегі мұндай атмосфераның қалыптасуы үшін көптеген тың дүниелер алып келген екен. Тиісінше, ұзақ уақыттан кейін қайта қауышқан зейнеткерлер бір-бірімен жылы көрісті. Бұл — компания ішіндегі қызметкерлер арасындағы татулық, достық көңілдің негізі. Іс-шара барысында «ПетроҚазақстан Күмкөл Ресорсиз» акционерлік қоғамы кәсіподақ ұйымының төрайымы Бақытжан Мұқашева мерейлі жасқа толып отырған ардагерлерді, биыл құрметті еңбек демалысына шыққан қызметкерлерді құттықтап, «ПетроҚазақстан» еңбек ардагері» төсбелгісін табыстады.

— Компанияның ардагерлер

кеңесін алғаш құрған кезімізде ардагерлеріміздің саны 37-ақ адам болған еді. Бүгінде 241 адамға жетіп отыр. Демек, кейінгі 8-10 жылда сіздердің қатарларыңыз осыншама адамға көбейіп отыр. Адал, абыройлы еңбекпен зейнетке жетіп отырсыздар. Ардагерлерді мерейтойларымен құттықтаймын. Біз сіздерге қарап, өздеріңіз салып кеткен сара жолмен жүріп келеміз. Араларыңызда осы кәсіподақ ұйымына көп көмегін тигізген ағаларымыз да отыр. Біздің істеп жатқан жұмыстарымыз сіздердің арқаларыңызда орындалып жатыр деп білемін. Барлығыңызға ұзақ құмұр тілеймін. Алып жатқан марапаттарыңыз бен төсбелгілеріңіз құтты болсын! — деді Бақытжан Мұқашева.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне орай «ПетроҚазақстан» компаниясының зейнеткерлеріне азық-түліктей көмек көрсетіледі.



ҮЛКЕНДІ СЫЙЛАУ ҮЛГІСІ

Астанада «ҚТЖ» ҰК» АҚ XII республикалық жастар форумының салтанатты ашылу рәсімі өтті. Еліміздің барлық өңірінен келген 250 жас теміржолшының басын қосқан дәстүрлі шараны ұлттық компанияның әлеуметтік саясат департаменті ұйымдастырды.

СБ Айдар САЙЛАУОВ,
«Сыр бойы»



Форум жас қызметкерлердің зияткерлік әлеуетін арттыруды, оларды қоғамдық мәселелерді шешуге тартуды, кәсіби, әлеуметтік және мәдени байланыстарды нығайтуды көздейді. Оған әртүрлі байқаулар мен жобалардың жеңімпаздары, белсенді жастар қатысты.

«Сексеуіл» локомотив пайдалану депосы бастығының өндіріс жөніндегі орынбасары, аудандық мәслихат депутаты, «100 жас есім» жобасының жеңімпазы Еркебұлан Аяғанов «Жыл волонтері» байқауының қорытындысымен «Үлкендерге қамқорлық» номинациясы бойынша I орынды иеленді. Мерейлі марапатты «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Қанат Алмағамбетов табыстады. Сонымен қатар ол облыстық «Үздік волонтер» номинациясын жеңіп алды.

Қарттарға барынша жанашырлық көрсетіп, қолдаудан қол үзбеген азамат 2020-2021 жылдар аралығында «Жеңіс» республикалық жобасының Арал ауданы бойынша аймақтық үйлестірушісі болған. Ауданның 9 ауылы бойынша 150-ден астам рейд ұйымдастырған.

Ал биыл Сексеуіл кенті ардагерлерін газетке тегін жаздырып, қарттардың отбасын көмірмен қамтамасыз етті. Зейнеткерлерге мұқаждығына қарай дәрі-дәрмек, азық-түлікпен көмек көрсетті.

Елорда төрінде қаншама адамның арасынан топ жарып, үздік деп танылған Еркебұлан Бауыржанұлы — қарттарды қадірлеумен қатар, елдің сөзін сөйлеп келе жатқан жан. Бүгінде Сексеуіл кентінде көптеген маңызды мәселе шешімін табуда. Осы түйткілдерді дер кезінде көтеріп, он шешімін табу жолын ұсынып жүрген ол жастарды да әрдайым қолдайды.

Хабарландыру!
Құрметті ата-аналар
«ПАРАСАТ» жеке мектебі жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру шеңберінде мемлекеттік білім беру тапсырысын алушы болып табылады

АТА-АНАНЫҢ ТӨЛЕМІ ЖЫЛЫНА
1200 АЕК-ТЕН АСПАУЫ КЕРЕК
Жылдық ата ана төлемі - 225000 теңге

АТА-АНА ТӨЛЕМІ АСЫП КЕТКЕН ЖАҒДАЙДА «ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫ» АҚ-НА ХАБАРЛАСУЫҢЫЗДЫ СҰРАЙМЫЗ

СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ:
8-7172-695-037, 8-7172-695-058

WHATSAPP СІЛТЕМЕСІ

Жарамсыз деп есептелсін

Қызылорда облысы «Мамандандырылған күзет қызметі басқармасы» мемлекеттік мекемесімен қызмет бабында пайдалануға полиция старшинасы Каюпов Медет Бердыбекулына берілген қызметтік куәлігі ОМ №04598 (27.06.2025 жылға дейін жарамды), №ДУ 2845-1981 жылғы Макаров тапаншасының №189 алмастыру карточкасы (сары түсті) және №МО 1049-1964 жылғы Калашников автоматтың №17 алмастыру карточкасы (жасыл түсті) жарамсыз деп есептелсін.

«Сыр бойы»,
«Қызылординские вести»,
«Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.
E-mail: smjarnama@mail.ru